

Нысанның БҚСЖ бойынша коды
Код формы по ОКУД

БҚСЖ бойынша ұйым коды
Код организации по ОКПО

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Министерство здравоохранения Республики Казахстан

Мемлекеттік органды атауы
Наименование государственного органа
"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
комитеті Түркістан облысының санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау департаменті Төлеби аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесі
Республиканское государственное учреждение «
Төлебийское районное Управление санитарно-
эпидемиологического контроля Департамента санитарно-
эпидемиологического контроля Туркестанской области
комитета санитарно-эпидемиологического контроля
Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ X.10.X.KZ15VWF00165079

Дата: 17.05.2024 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдегі Қазақстан Республикасы Кодекстің 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық бақылау жүргізілетін объектінің толық атауы (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) Заявление от 26.04.2024 2:25:58 № KZ17RYS00611456

Оттаны, ұйғарым, тапсырма, тапсырыс, жоспарлы және басқа да түрде (күн, номері)
по обращению, предписанию, постановлению, плану и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің "Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 010940003058 Төлеби ауданы, Акқұм ауыл округі, Акқұм ауылы, Қапал Батыр көшесі, №57 А

Тараушылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиселігі), объектінің мекен-жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта у жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения
объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

білім беру, Төлеби ауданы, Акқұм ауыл округі, Акқұм ауылы, Қапал Батыр көшесі, №57 А

орта, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)
Негізгі және жалпы орта білім беру

4. Жобалар, материал даразірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) =

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) Өтініш, ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖК РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Шымкент қалалық және Сайрам аудандық бөлімшесінің зертханалық зерттеу нәтижелерінің хаттамаларының көшірмесі

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) =

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организаций если имеются) =

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңының 7-бабы, 1-тармағына сәйкес қарат бетіндегі заңмен тесік
Электрондық құжат www.econsense.kz порталында қырылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.econsense.kz порталында тексеріңіз. Электрондық құжат
документ сәйкестігі пункт 1-статья 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронных документах и электронном цифровом подписании» равнозначен документу на бумажном
документе. Электронный документ сформирован на портале www.econsense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.econsense.kz.



8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Заңды мекен жайы Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Аққұм ауыл округі, Аққұм ауылы, Қанал Батыр көшесі, №57 А ғимаратта (БСН 010940003058) орналасқан. Білім беретін мектептің жобалық қуаты -306 оқушыға арналған, мектепте 338 оқушы білім алуда, 2 ауысымда жұмыс жасайды.

Мектеп аумағы барлық периметрі бойынша 1,5м биіктікте темір торлармен қоршалған, қоршауы зақымдалмаған. Мектептің аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттарды, құрылыстар мен құрылысжайлар орналастырылмаған. Мектептің сыртқы аумағында, спорт алаңы, қазандық және қатты тұрмыстық қалдықтар мен өндіріс қалдықтарын жинауға арналған алаң қарастырылған. Мектептің жер учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға аппаратын жолдары асфальтталған, көріктендірілген, көгалдандырылған, абаттандырылған. Жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталған, жиналған суды ағызып жіберетін арық, суағар қарастырылған. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған үш жағынан қоршалған, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді, су өткізбейтін төсемі бар алаң қарастырылған. Қоқыс алаңына тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған бір қоқыс контейнері орнатылған. Мектептің аумағында мектеп қызметімен байланысы жоқ объектілер орналаспаған. Мектептің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру қарастырылған. Мектеп ғимаратының аумағында спорт алаңы қарастырылған. Жүгіру жолдарының беті қатты, атмосфералық жауын-шашынға төзімді. Спорт алаңының беті тегіс, саңылаусыз және ақаусыз. Дене шынықтыру және спорт алаңшаларындағы ойын және спорт жабдықтарының санитариялық-техникалық жағдайы қанағаттанарлық, балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Мектептің жалпы алаңы -1,6450 ш.м, мектептің негізгі сынып бөлмелер саны -14. Ғимараттың фундаменті - бетон, қабырғалары - күйдірілген кірпіш, төбе жабындысы - профилді такта. Барлық үй жайлардың, оқу сынып бөлмелерінің, ішкі дәретханалардың төбелері мен қабырғалары тегіс, саңылаусыз, жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілері жоқ. Ішкі дәретханалардың қабырғалары, жууға арналған кафельден жасалған, едені кафельден жасалған беттері тегіс, дезинфекциялық жууға төзімді. Оқу бөлмелерінің едендеріне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін ағаш тақтай төселген, коридорлардың едені ағаш тақтаймен төселген. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Ғимарат ішілік әрлеу жұмыстары жүргізілген. Сынып бөлмелерінің жиһаздары мен жабдықтары білім алушылардың бойына және жасына сәйкес келеді. Температуралық режим сақталуын қамтамасыз ету мақсатында термометрмен жабдықталған, термометр метрологиялық тексеруден өткізілген.

Мектеп типтік жоба бойынша -306 оқушыға арналған. Мектептің жобалық сыйымдылығы санитариялық нормаларға сәйкес келеді, яғни оқу сыныптарының ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метрден кем емес. Мектептің бірінші қабатында - 4 бастауыш сынып бөлмелері, ұлдарға және қыздарға арналған еңбекке баулу шеберханалары, спорт зал, спорт зал алды ұлдарға және қыздарға арналған киім ауыстыратын бөлмелер, асхана және медициналық бөлме орналасқан.

№1 бастауыш сынып бөлмесінің жалпы ауданы -53,9 ш.м, 20 оқушыға арналған;

№2 бастауыш сынып бөлмесінің жалпы ауданы -53,9 ш.м, 20 оқушыға арналған;

№3 бастауыш сынып бөлмесінің жалпы ауданы -53,9 ш.м, 20 оқушыға арналған;

№4 бастауыш сынып бөлмесінің жалпы ауданы -53,9 ш.м, 20 оқушыға арналған;

Ұлдарға арналған шеберхана оқу бөлмесінің жалпы ауданы -90,9 ш.м, қыздарға арналған арналған шеберхананың жалпы ауданы -43,9 ш.м. Оқу шеберханалары мамандандырылған верстақтар мен үстелдермен жабдықталған. Ұлдар шеберханалары сору-сыртқа тарту желдеткішімен, жергілікті шап ұстағыштармен және сыртқа тарту құралдарымен жабдықталған. Спорт залдың жалпы ауданы -700 ш.м. Негізгі бөлмелер саны 4, оның ішінде: ұлдарға арналған киім ауыстыратын бөлме жалпы ауданы -34 ш.м; қыздарға арналған киім ауыстыратын бөлменің жалпы ауданы -34 ш.м; спорт инвентарларын сақтайтын бөлменің жалпы ауданы -34 ш.м; Спорт залдың жанындағы киім ауыстыратын бөлмелер киімге арналған шкафттармен, ілгіштермен және орындықтармен жабдықталған. Спорт залының жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және қорғаныш торлармен жабылған. Терезелер және жарықтандыру аспаптары қоршау құрылыстарымен, темір торлармен қоршалған. Спорт залдың едені ағаш, беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Спорт мүкәммалдарының, спорт жабдықтарының санитариялық-техникалық жағдайы қанағаттанарлық, балалардың бойы



мен жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталған. Асхана мектептің бірінші жабдығы.

Асхана мекенттің бірінші қабатында орналасқан, Негізгі бөлмелер саны -6, ас блогы және ыдыс жуу бөлмесі, жалпы ауданы-30,4 ш.м; көкөніс сактайтын қойманың жалпы ауданы -6,2 ш.м; оқушыларға арналған тамақтану залының жалпы ауданы -50,2 ш.м., персоналға арналған тұрмыстық бөлменің жалпы ауданы -4,2 ш.м. Құрғақ заттар және таза ыдыстар бөлмесінің жалпы ауданы -21,85 ш.м. Асханаға кіреберісте жеке бас гигиенасын сақтау үшін 2 раковина орнатылған, оның жанында антисептиктермен, сұйық сабынмен, бір рет қолданатын сүлгі қорымен қамтамасыз етілген. Еденнің беті сырғымайтын материалдардан, тегіс, су ағынын қамтамасыз ете отырып, жинауға ыңғайлы болып қарастырылған. Табадырықтарды орнатуға тамақ өнімдерін, дайын тағамдарды және пайдаланылған ыдыстарды ауыстыру жолдарында жол берілмеген. Асханада асхана ыдыстарын жууға арналған орын қарастырылған. Жуу ыдыстары мен жуу ванналарының жұмыс беттері үшін оларды жууды, тазартуды және дезинфекциялауды қамтамасыз ететін, тотығуға ұшырамайтын, зақымдануларсыз, кедір -бұдырсыз, сіңірмейтін материалдардан жасалған, герметикалық, дайындаушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланылатын, тамақ өнімдерімен (тот баспайтын металдан жасалған) жанасуға арналған материалдар пайдаланылады. Персоналға арналған санитариялық -тұрмыстық үй-жайда киім ауыстыруға жағдай жасалған, арнайы киімдер үшін шкафтар орнатылған. Бөлмеге орталықтандырылған ауыз су құбыр жүйесі кіргізілген, ыстық су үшін аристон су қыздырғыш қондырғысы орнатылған.

Медициналық қызмет көрсету бөлмесі мектептің бірінші қабатындағы 2 бөлмеде орналасқан. Жалпы ауданы -12 ш.м, Бөлмелерде бөлме ішілік әрлеу жұмыстары жүргізілген. Емшара бөлмесінің қабырғалары төбесіне дейін майлы сырмен сырланған. Қабылдау бөлмесінің қабырғалары сырланған, едендері тегіс гипсөлем төселген. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін бөлмеде қолжұғыш орнатылған. Температуралық режим сақтауын қамтамасыз ету мақсатында термометрмен жабдықталған, термометр метрологиялық тексеруден өткізілген. Медициналық қызмет көрсету бөлмесінің жиһаздары, жабдықтары, кіші механизация құралдары, жинау мүкәммалдары жуу құралдарына және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдар пайдаланылған. Медициналық қызмет көрсету бөлмесі керек жабдықтармен қамтамасыз етілген

Мектептің екінші қабатында оқушыға арналған оқу сынып бөлмелері, Ақт зал жалпы ауданы -162 ш.м; кітапхана бөлмесінің жалпы ауданы -18 ш.м; тарих сынып бөлмесінің жалпы ауданы -53,9 ш.м. Қазақ тілі және қазақ әдебиеті сынып бөлмесінің жалпы ауданы -51 ш.м; математика сынып бөлмесінің жалпы ауданы -67,1 ш.м; бастапқы әскери дайындық сынып бөлмесінің жалпы ауданы -43,2 ш.м. Информатика оқу сынып бөлмесінің жалпы ауданы -51ш.м, зертхананың жалпы ауданы -18 ш.м; физика оқу сынып бөлмесінің жалпы ауданы -71,9 ш.м, зертхананың жалпы ауданы -18 ш.м; биология - химия оқу сынып бөлмесінің жалпы ауданы -54,6 ш.м., зертхананың жалпы ауданы -17,4 ш.м; физикалық кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстеліне электр энергиясы жүргізілген. Мультимедия (информатика) сынып бөлмесінің жалпы ауданы -51ш.м., Онда 2019 жылғы 9 компьютер орнатылған. Жалпы мектептегі шеберханаларда, медициналық блок үй-жайлары мен ас блогының өндірістік үй-жайлары ыстық және суық су өткізілген қол жууға арналған қол жуғыштар орнатылған. Қолды өңдеуге арналған антисептиктермен, дозаторлы сұйық сабындармен және бір рет қолданылатын сүлгілермен қамтамасыз етілген. Ауаның температурасын бақылау үшін барлық оқу сынып бөлмелерінде және медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылған.

медициналық пункт үй-жайларында термометрлер орнатылған.
 Ұлдарға арналған санитариялық тораптың жалпы саны -2, жалпы қолжұғыштар саны -4, унитаздар саны -6, 4 писсуар орнатылған. Бірінші қабаттағы санитариялық тораптың жалпы ауданы -10,5 ш.м, 2 қолжұғыш, 3 унитаз 2 писсуар орнатылған. Екінші қабаттағы санитариялық тораптың жалпы ауданы -10,5 ш.м, 2 қолжұғыш, 3 унитаз, 2 писсуар орнатылған.
 Қыздарға арналған жеке гигиена кабиналарының жалпы саны 2, жалпы қолжұғыштар саны -4, унитаздар саны -6. Бірінші қабаттағы санитариялық тораптың жалпы ауданы -10,5 ш.м, 1- биде 2 қолжұғыш, 3 унитаз орнатылған. 2-ші қабаттағы санитариялық тораптың жалпы ауданы -9,9 ш.м., 2 қолжұғыш, 3 унитаз орнатылған.

Мектептің ауыз суы орталықтандырылған, нормалау құжаттарының белгілеген талаптарына сәйкес ауыспіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылған. Суға арналған құрылыстар орнатылған, құрылыстар өндірушінің нұсқаулығына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін таза ыдыс бір рет қолданылатын стакандардан пайдаланылады. Мектеп аумағында стационарлық ауыз су бұрқағы қарастырылған. Балалардың мектепте болған барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етілген. Ыстық су үшін артезиан су қыздырғыштары орнатылған, ыстық су тұрақты үздіксіз беріледі. Ауыз су және ыстық су жүйелері ақаусыз. Мектепте жергілікті су бұру құрылысы қарастырылған. Сарқынды суларды қабылдауды мектеп аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен жаракталған жалпы жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарда жүзеге асырылады, сыйымдылығы 78 м3 оларды тазалау уақытылы жүргізіледі. Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ су сіңіргіш құдықтар құрылысына ағызуда жол берілмеген. Сарқынды су жүйелері ақаусыз. Жарық жүйесі табиғи және жасанды. Сынып бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтар реттелетін күннен



қорғайтын жалюздермен жабдықталған. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Жасанды жарықтандыру үшін энергия үнемдеуші шамдар орнатылған. Жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылған. Шамдарға плафондар орнатылған. Сынып бөлмелеріндегі жиһаздар білім алушылардың бойына және жас ерекшелігіне сәйкес келеді, жиһаздар сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіле отырып орнатылған. Асханадағы өндірістік үй-жайларда, тамақ өнімдерін сақтауға және өткізуге арналған үй-жайларда оларды тамақ өнімдеріне әйнектердің зақымдануынан және түсуінен қорғауды, жарқырауды тудырмайтын жарқылдың болмауын көздейтін шырақтар орнатылған. Ылғалдың бөлінуіне байланысты өндірістік үй-жайларда ылғалдан қорғайтын плафондар орнатылған. Жарық деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, жарық жүйелері ақаусыз.

Ғимараттың желдеткіші табиғи есік, терезе арқылы және ас блогы, шеберхана, ішкі дәретханаларда механикалық іске қосылатын сору-сыртқа тарту желдеткіш жүйелерімен жабдықталған. Ауа өткізгіштер, торлар, желдеткіш камералары таза, механикалық зақымдары, тотығу іздері және герметикалығының бұзылуы жоқ. Терезелерде желдету үшін ашылатын жел көздерде, фрамугаларда москит торлары орнатылған. Желдету жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлық, ақаусыз. Ғимаратта жылыту үшін жеке арнайы бөлмеде орнатылған автономдық қазандық қарастырылған, қазандық газбен жұмыс жасайді. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған. Температуралық режим сақталуын қамтамасыз ету мақсатында термометрмен жабдықталған, термометр метрологиялық тексеруден өткізілген. Жылыту жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлық, ақаусыз.

Жуып жинау мүкәммалдарын, жуу және дезинфекциялау үшін жеткілікті жуу ванналары қарастырылған, арнайы бөлінген орындарда өңделеді және сақталады. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, шеткалар, шүберектер) максаттарына қарай таңбаланған.

Қырылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау мағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған ортамен халық денсаулығын аттигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света); =

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері

(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Сайрам аудандық бөлімшесінің зертханалық зерттеу нәтижелерінің хаттамалары: 1- Жарықты өлшеу хаттамасы 23.04.2024 жс № 802-1183, Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы 23.04.2024 жс № 802-812, Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы 22.04.2024жс №307, Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы 22.04.2024жс №194, Шү деңгейлерін өлшеу хаттамасы 23.04.2024 жс №59.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)



Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Төлеби аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы) республикалық мемлекеттік мекемесі Төле би ауданы, Ленгiр к., көшесі Д.Қонаев, № 2 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение «Толевийское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

Толевийский район, г.Ленгер, улица Д.Конаев, дом № 2

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Еркинбекова Акерке Макулбеккызы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

